

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Саңлақ



«Ана, қарандар, театр партия ұйымының хатшысы жезөкшелер үйінің бастығын қалай құбылтады, ә! – деп сақ-сақ күледі әйгілі Асанәлі Әшімов» (М.Фриш, «Дон-Жуанның думаны», Селестина рөлінде – Сәбира Майқанова, 1968 жыл).

«Өмірден озған ардақты артистерімізбен бірге олар әрлеп, әдіптеген әдемі рөлдер де бірге «өле ме» деймін. Көрермен сағынышы өз алдына, көп қойылымдар жетім қалып, кісі жүрегін мұңға бөлегендей. Сәбира Майқанова, Ыдырыс Ноғайбаев, Нұрмұхан Жантөрин, Әнуар Молдабеков, Есболған Жайсаңбаев қазалары еріксіз осы ойға жетелейді. Олар барда біртүрлі қызық еді-ау, келісті еді-ау, сиқыры мол, шұғылалы сахна» (1995 жыл. Қарашаның 11 жұлдызы). «Толғанайды жер тарпыған тұлпардай дүбірлетіп толғайды-ау кеп, қайран біздің Сәбира апа! Сілтесін қарашы, көсілуін бақшы сабазыңның. Темперамент. Дыхание. Вдохновение. Топырақтың дәл өзінен өніп шыққан хас талантың осы. Шын асылың, бар абзалың осындай-ақ болар. Түрі бөлек зауық. Жөні өзге шабытыңның, апатай!» (11 ақпан, 1978 жыл).

Осынау әр жылдарғы үзік-үзік ойлардың бірін үнемі қалтамнан түспейтін қойын кітапшамнан, екіншісін сыншының сырласына айналған көне күнделігімнен, үшіншісін артист есімдері жазылып, олар ойнайтын рөлдердің тізімі тіркеліп, әр қойылым алдында қолыңызға тиетін кәдімгі театр бағдарламаларының іші-сыртына түскен түйінді ойлардан тергіштедім. Бұл бұрыннан дағдымда бар нәрсе. Ежелден, ертеректен, тіпті шәкірт жылдарымнан бергі тұрақты әдет.

Иә, артист еңбегінің ұзын-ырғасы қас-қағым-ақ сәт! Арқалы анамыздың соңына қалдырған сахналық мол мұраларын, кино-телетаспалардағы «тірі» бейнелерін қасақана санамалап, әлдеқашан аты аңызға айналған аса танымал ірі талант иесін халқына тәптіштеп жатудан ол кісінің биік, тым биік тұлғасын сәл кішірейтіп алмау үшін де, шынайы жанның пенделік, адамдық, адалдық, тұстарынан сөз бастадық, ағайын! Алпыс жылдан астам сахналық ғұмырында әзіз актриса тындырған күрделі тірлікті талдап, талқылап, талғап шықпақ түгіл, тек солардың атын атап, түсін түстеп, құр тізім түгесудің өзіне ғана тап осы жазғандарымыздың көлемі мүлдем тарлық етері хақ. Әр рөлі бір кітап, әр жұмысы жатқан дария жыр еді ғой. Сахна сынды зәулім атаудың қақ төріне қақыратып, жан жүрегі шыншыл сезімдер селінен сан сөгіліп, мың құбылып шыға келгенде, кезінде, зәулім залда отырып шиыршық атпас, шапалақ ұрмас қайсымыз қалып едік, қадірлі ел-жұрты-ау!

Жанр біткеннің ең биік шыңында думан құрып, ойын-сауықтың отын үрлеуде алдына жан салуды өзіне кінә тұтар кешегі Сәбираның салқар да шалқар шын шабытын әділет көзінен қалай тұмшаларсыз.

Алымды сахнагердің қай қапталынан көз салсаңыз да өркешті бейнелер легі, құдіретті кесек кейіпкерлер тобы жадыңызға оралып, дәп бір ежелгі ертегілер елінен қуана қол бұлғап тұрған ескі таныстарыңдай жылы ұшырар еді. Ұлты, рухы, түр-түсі, тұрмыс-салты, мінез-құлқы әрқилы әйелдер кескіні, өздері шыққан түп-тамырларын туған төл топырақтарынан нақ бір қазақтың ұлы қызы, ұлтымыздың өрелі өнерпазы Сәбира арқылы ғана тапқандай. Көбінше, көпке танымал бояулары қалыңырақ белең алып жататын сәттерде, есіл Сәкең ұрпағын аялап аһ ұрған аналарды толғап бір кеткенде, бейне бір ботасын іздеп боздаған ару анадай аңырар еді. Ұлжан, Зейнеп, Толғанай, Мақпал, Салиха, Мөржан, Кесария, Люси, Тхань, Евдокия Ивановна... санай берсең, ұзын тізім жалғаса бермек, ұласа түспек. Құп, қазақ әйелдерінің психологиясына, тұрмыс-тіршілігіне жасынан қанық болып өсті делік. Ал, өз репертуарындағы грузин, вьетнам, эстон, испан, фин, түрік, өзбек, қырғыз, орыс әйелдерінің жан-дүниелеріндегі нәзік реңктерді сахна сырын сауат жағына келгенде сараңдау, оқымаған өнер иесі қалай ғана сәтті игере алған. Гәп ұлы актрисаның өмір мектебінен өрнек, өнеге табуында. Оның табиғи дарыны ең даланың, сайын сахараның ерке самалын еске түсірер еді. Есілуші еді-ау! Көсілуші еді-ау,

жарықтық! Бәріміз табынатын реалистік, шынайы да ғажап шыншыл жолды берік ұстанған өнерпаз бойынан байтақ даланың төл исі толассыз аңқып жатар еді! Жан дарқандығы, талант молдығы, мінез кеңдігі тұла бойында «айғай салып», айғайлап емес-ау, үнсіз «шыңғырып» жатар еді. Сәбира Майқанқызы өнерінің де өзгеден ерекшелігі осында. Себеп?

Әр сауалдың өз жауабы боларын ескерсек, осынау көл-көсір жатқан рухани көп байлық қайдан бастау алған? Ол кешегі бір қазақ сахна өнерінің еңселі тұлғалары Ж. Шанин, Қ.Қуанышбаев, И. Байзақов, С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов, Қ.Байсейітов, Қ.Жандарбеков, Қ.Бадыров, Ш.Айманов, С.Телғараев, Қ.Қармысов есімдерімен тығыз байланысты жатқан өзгеше сыр, айрықша әлем. Ағалар рухының әсері... Солар әкелген рухани дәстүрдің «қоңыр салқыны». Рухани ұстаздарының табиғи дәрісі... С. Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов мектебін көріп өскен зерделі кісінің тәрбие танып, тағылым түймеуі, солардың аманатына адал болмауы намақұл болар еді. Ол – өнердегі, өмірдегі бар ғұмырын айшықтап тұрған екі қасиетке табынып өткен тәрізді. Сәбира Майқанқызы! Дара тұлға! Ол турашыл, бірбеткей, әділ мінездің адамы еді. Қажет болғанда өзгенің қайғысын өзінікіндей көріп өкіп жылайтын мейірімділігі, адалдығы, жомарттығы. Бүкіл саналы өмірін осы төңірекке тоғыстыруға тырысып өткен суреткер ананың өнері де барынша мөлдір еді. Сәкең сахнада не жасаса да, қалай құбылтса да жараса берер еді. Жалғандық, жылтырақтық табы қылаң бермесіне талай рет сіз де куә болғансыз, қадірлі көрермен, оқырман қауым! Әманда әділдік жағына оң иығын беріп тұрар ұлы актриса екіжүзділік, сатқындық сияқты келеңсіз мінез-құлықтарға тұлабойымен қарсы тұрарынан халқы да хабардар. Керімсал, қазақы мінез ғажап адамды қуаныса қарсы алған ауыл ағаларының жырғып айтқан сан естелігіне талай рет кенелгенбіз. Ер-азаматқа жетпей жатар кеңдік пен ел көңілін көтерген «тек» деп тыйып тастары бар, «тәйт» деп түйіп тастары жетерлік, сөзі дуалы, аузы уәлі анамыздың қадіріне дендей түскендейміз, бағасына жеткендейміз. Бұрындары да білуші едік. Бірақ, әлі арамызда жүре берердей көрінетін, әзілоспақтап, ойындағысын орып айтатын өз апамыз кенет бәрімізді тастады да...

«...Хош, әкемнің сол сағына күткен қызы – мен Сәбира едім... Өмір осылайша қызыққа толы, қайғы-қасіретсіз өте берер ме еді, қайтер еді? Егер әкем мен бір жасқа толмай дүниеден өтіп кетпесе... Отызға жетпей опат болған қайран менің адал анашым. Менде балалық шақ, жастық шақ болмай өткен жанмын. Әке-шеше тәрбиесі, еркін өмір дегеннің не екенін білмей өскен адаммын. Балалық шағымда жақсылық көрмей өскенмін десем де болады... Бұл кездер менің жеті-сегіз жастардағы сәби шағым, панасыз, жалаң аяқ, жалаңбас, аш жүрген жылдарым... Қалай өлмей тірі қалғанмын?.. Жарық дүниеге «шыр етіп» түскен күннен бастап, кінәсіз де күнәсіз сәбидің көрген құқайы, яғни менің өмірім адам айтқысыз тіршілік қиянаттарына толы болды. Иә, өз басым алуан-алуан жәйттерді бастан кешірген бақытты артисткамын. Артист ретінде не жасадың дегенде айтылар сырлар осы тақылеттес. Ұлжан, Зейнеп, Мөржан, Толғанай, Елена, Салихаларды толғағанда шабыт қанатына қайта отырғандай боламын... Мен қаламы төселген жазушы емеспін. Төпеп өлең жазатын ақын да емен. Бірақ, сезімтал жүрегім ағынан жарылып, осы жолдарды қағазға түсіртіп отыр. Мені жарық дүниеге әкелуші, әуелі бір жаратушы, сосыңғы бар алғысым өзімді осынау жарық дүниеге келтірген әкем мен анама бағышталмақ».

Болашақ жазылар кітабының сұлбасын осылайша ойша құрастыра бастаған екен кезінде, қайран сырқат Сәбира. Халықтың сүйікті тұлғасына айналған, өнер өрінде өз өрнегі бар тума талант, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерінің иегері Сәбира Майқанова 1914 жылы күз айының қоңыр шуағында Қызылорда өлкесі, Сырдария ауданының Қоғалыкөл кеңшарында дүниеге келген. Сыр қазақтың небір өнер тумаларын дүниеге әкелген киелі тал бесік. Өнердегі әріптесі Асанәлі Әшімов ағамыз: «Сәкеңнің туып-өскен жері – Сыр өңірі. Сырға талай мәрте бардық», деп еске ала келіп: «Бұл өлкенің жер жағдайын,

табиғатын жақсы білеміз. Жаздыкүнгі аптап апшыңды қуырып, керім сал есіп, көз аштырмай құм суырып тұрады. Сондайда Сәкең: «Мұның құмы да дәрі ғой» деп жұртты ду күлдіретін. Бірде Сырдария ауданына, Сәкеңнің туған жеріне жолымыз түсті. Басшыларға хабар жетпеген бе, әлде ауылда болмаған ба, әйтеуір, дұрыс қарсы алмады. Сонда Сәкең қатты ашуланып: «Әдіре қалғыр, ел емес қой...», деп бұлқан-талқан боп жүрді. Біз ішімізден тынып, үндей алмай, басу айтқансыдық. Кешкісін басшылар Сәбира апамыздан, бәрімізден қойын сойып, қол қусырып, кешірім сұрап жатты. Ондайда Сәкең сәні кіріп, көңілі көкке көтеріліп, сол баяғы сахнадағыдай зор үнімен саңқылдап: «Е, бәсе, біздің елдің жігіттері осылай болса керек қой, біздің театр басшыларынан бір білместік кеткен деп едім ғой!», дей сала салтанатпен сөйлеп кететін», деп толғана еске алады.

«Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, Сәбира апамыз тек Майқан мен Дәнегүлдің сүйікті перзенті ғана емес, ол кісі елі сүйген халқының асыл перзенті болды. Алла тағала жастай әке-шешеден айырса да, оны халқынан айырмады. Тағдыр тауқыметі мен машақаты азапқа салса да, бойындағы таланты мен жігерінің арқасында көпшілік қауымның көзайымына айналды. Шынайы дарынымен көрерменін ғашық етті, тәнті етті. Сәбира Майқанова ойнаған рөлдердің ешқайсысы назардан тыс қалмады, әрдайым ел алдында болды. Оған оның қасында жүрген, бірге болған өнердегі, өмірдегі жақын әріптестері мен достарының сөздері дәлел. «Әлі есімде, 1964 жылдың жаз айында М.Әуезов атындағы академиялық драма театры Мәскеуде ойын қойды. Талай өнерпаздың шандозын танып, өнерін көріп, түйсігін сезініп қалған қырағы көрермендер бұл жолы сахарадай кең, қазақ жанындай жайсаң өнерге тап болды. Сәбира ойнаған рөлдерінің баршасы мәскеулік көрермендерді шын тебірентті. Олар дүрліге қол соқты. Сахнаға бейнелеп қана емес, көрсетіп қана емес, бас кейіпкердің өзімен біте қайнасып, өз басынан өткендей өміршең етіп әрекеттену актрисаның төл қасиеті болды. Мұны да өнер сарапшылары аңғармай қалған жоқ. Талант иесіне Еңбек Қызыл Ту орденін тапсырды. Халық құрметі мұнымен шектелмеді. Ал Сәбира болса, қадір тұтқан өз халқына өнерін ғана көрсетіп қойған жоқ, бұған жанқиярлық қызметін қосты. С. Майқанова өзінің жеке басының өнегесімен өзгелерге де үлгі болды. Ол көп жылдар театр партиясының хатшысы, облыстық партия комитетінің мүшесі болды. Үлкен қайрат иесіне осы міндет қаншама жауапкершілікті жүктейді десеңізші. 1965 жылы мамыр айында Қазақ драма театры бауырлас Татар республикасында гастрольде болды. Қазаннан шығып, жер-жерді аралап кетті. Көрген жұрт таңдай қағып: «Ана – Жер-Ананы» қойыңыздар, біз Сәбира Майқанованың ойынын көргіміз келеді, Толғанайды көргіміз келеді?!» – деп қиыла өтініш жасаған деп жазды кезінде Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Махпуза Байзақова. Сондай-ақ, халқымыздың бетке ұстар актрисасы Сәбира Майқанова туралы КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімов «Жас Алаш» газетінің 2004 жылғы 24 қаңтардағы №10 санында «Қазақ актрисаларының Қаллекиі» деген мақаласында Сәбира апамызбен өнер әлемінде өзінің бірге жүрген кездерінен сыр шертіп, естеліктер айтқан. «Сәкеңде арнайы актерлік білім жоқ еді. Сонда да болса оны сахналас құрбылары Бикен, Шолпан, Хадишалар «Самородок – сары алтын» дейтін. Ол шынында да сахнаның сары алтыны болатын. Қандай бейнені қолға алмасын, әбден иін қандырып, шынайы ойнайтын, өзі де сол бейнеге еніп кететін. Басқаны айтпағанның өзінде «Ана – Жер-Анадағы» Толғанайы қандай десеңізші! Осындай алып ана бейнесін сомдау үшін сондай жүрегі нәзік актриса керек еді. Сахнада қаптаған жебедей қадалған сын көздер, ауыр тыныстаған көрермен алдында үш сағат бойы толғанып, тебіреніп, арпалыс күйін кешу үшін адамға қаншалықты күш-жігер керек екендігін бағамдай беріңіз. Бір жылы Уфада ма екен, Сәкең бір күнде Толғанайды екі рет ойнаған жағдайы болғанын айтып еді, сонда жеті сағат бойы «азап апатына» енудің қандай екенін тағы бір рет көз алдыңызға елестетіңізші. Бақытымызға қарай, бұл образ Сәбираның ешкімге ұқсамайтын мәңгілік өнері арқылы қазақ сахнасының алтын қорына енді. Әрине, бірінші ерлігі – сахнада отыз жыл ойнаған Толғанайы ғой». Ал актриса Сәбира Майқанованың өзі бұл жайында: «Мен ойнаған

рөлдердің басым көпшілігі аналар. Бір ескертетін жайт бұл аналардың барлығы да ауыр ахуалды көтереді. Баласынан айырылады, не жарын жоғалтады. Осындай ауыр кейіпкерлерді бейнелеу көп жаттығуды тілейтіні анық. Көбіне мен бұл бейнелерді бір-біріне ұқсатып алмасам екен, көрермен көңіліне жаңа бір сыр қоссам екен деп ізденуші едім. Осының өзі менің алдыма қыруар талап қойды, талмай шыңдады», – дейді. Көкірегін кернеген Толғанай мұңы, Толғанай зары өзінің де жекелеген сыры, өкініші, сағынышы қабаттаса үндесіп, өмір мен өнердің ұзақ жолындағы реніш пен қуаныштары бірде мұңайтып, бірде қуантты. Дарияның суын қанша ұрттағанмен тауыса алмайтыныңыз сияқты сахна мұхитына айналған С.Майқанованың өнердегі өлшеусіз өнерін тауысып айта алмайсыз. Оның Толғанайы өз алдына бір төбе десек, оның басқа спектакльдерде ойнаған негізгі рөлдері де өз алдына бір төбе. Ұлттық драматургияның небір күрделі образдарын жасауда Сәбира Майқанованың актерлік шеберлігі тайға таңба басқандай анық танылып тұрар еді.

Сәбира Майқанова алғашқы актерлік жолын Б.Майлиннің «Майдан» пьесасындағы Алтынай рөлін ойнаудан бастады. Одан соң жас замандас құрбыларының бейнесін кескіндеді, үлкен жүректі аяулы аналардың бейнелерін сахналады. Театрда қойылған классикалық туындылардың барлығында дерлік басты рөлдерде ойнап, сахнада аналар бейнесінің тұтас галереясын жасады. Мәселен, М.Әуезовтің «Қарагөзіндегі» – Мөржан, Б.Майлиннің «Майданындағы» Мамық, Ш.Хұсайыновтың «Алдар Көесіндегі» Дәмелі, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлуындағы» Мақпал, Роза (Рахманқұлов, «Документ»), Зотова (В.М.Киршон, «Астық»), Рая (М. Әуезов), «Алма бақ»), Гүлжәмила (М. Әуезов, Ә.Тәжібаев, «Аққайың»), Любовь Яровая (К.А.Тренев, осы аттас пьеса), Зейнеп (С.Мұқанов, «Шоқан Уәлиханов»), Кесария (О.Ш.Иоселиани, «Арбаң аман болсын»), Тхань (И.П. Куприянов «Вьетнам жұлдызы») – оңайлықпен қайталанбас образдар, сирек характерлер. Майқанованың актерлік өнері қызуқандылығымен, қарапайымдылығымен әрі тұрмыстық бояуының қанықтығымен ерекшеленеді. С.Майқанова классикалық туындылар бойынша Ж.Б.Фрозина (Мольер, «Саран»), Мария Антоновна (Н.В.Гоголь, «Ревизор»), Кабаниха мен Купчиха (А.Н. Островский «Найзағай» мен «Жазықсыз жапа шеккендер»), (А.Чехов «Сүйікті менің ағатайымда», «Ваня ағайында» Марина) рөлдерін тамаша кескіндеді. 1936 және 1958 жылдары Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. 1954 жылдан киноға да түсті. «Махаббат дастаны» (Мақпал), «Қыз бен жігіт» (Гүлбарша), «Біз осында тұрамыз» (Торғын), «Құйма» (Дәметкен), «Қыз Жібек» (Қамқа), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ботагөз», т.б көркем фильмдеріндегі рөлдері көрермендер көңілінен шықты.

«Қайран Сәкеңнің қапысыз көңілі-ай! Қайда жолымыз түспесін, әзіл әңгімесін, күлдіргі сөздерін қайталаудан жалықпайтын. Қайталау емес, әр айтқанда түрлендіріп, кісі жалықтырмайтындай жеткізеді ғой. Ұлылықтың бастау алар жері қарапайымдылық десек, Сәбира актрисаның өнері де өмірінің өзіндей еді. Жай әңгімесінің, қарапайым қимыл-әрекетінің өзі тұнып тұрған өнеге болатын. Өнерде ғана емес, өмірде де шешен болған Сәкең мына заманға жеткенде қандай бағытта, қандай күйде болар еді деп те ойлаймын. Орысшаға шорқақ болғанымен, табиғи зерде мен ұлттық сананы сабақтастырып жіберетін логикасы, қиыннан қиыстыруы кереметтің. Бір жолы шығармашылық саладағы бастауыш партия ұйымының басшыларын Қонаев қабылдаған ғой. Әр хатшыға 15 минут сөйлеу тиесілі екен. Сәкеңе 15 минут деген бұйым болып па, ол кісінің ең қысқа сөзінің өзі 45 минутпен шектелетін. Өз орталарымыздағы отырыстарда тост айтпастан бұрын «Ал, сендер тамақ алып отыра беріңдер, менің біраз сөйлеуіме тура келіп тұр», – деп ескертіп қоятын. Мен де: «Ал, енді Құдайберген сияқтыларың ұйықтай беріңдер» деп қалжыңдайтынмын. Сонымен, сол биік кабинеттегі жауапты жиналыста ол кісі өзінің үйреншікті баяғы мәнеріне салып, біраз көсілген ғой. Сәкең 20 минут сөйлеген соң жиналыс төрағасы тоқтатпақ болғанда, Димекең сөзін бөлдірмепті. Соңынан сөз алған Қонаев Сәкеңнің сөзінен бірнеше мәрте мысал келтіріп ұзақ-ұзақ толғапты» деп ағынан жарылады атақты Асанәлі Әшімов. Қазақта «алыптан алып туады» деген сөз бар. Ана

деген күдіретті асылдың екінші мағынасы – ізгілік, мейірбандылық, бекзаттық болса, оны әркім хал-қадерінше құдай берген өлшеммен бойға дарытып ғұмыр кешеді. Сәбира апайдың мектебінен өткен, ақылын тыңдап өскен актриса Рахилия Машурова: «Табиғат берген дарқан дарын иесінің адамдармен қоян-қолтық араласып кетуі, сенімен танымаса да жөргегінен білетіндей ақтарылуы, аузын ашса көмейі көрінетін жомарттығы, адамға жұғымдылығы, елге қайырымдылығы, баласындай бауырына басып, шәкіртіндей баулып, елпең қағып елпілдеп, титтей бір қиналып қапалансаң қол ұшын беруге асығатын қағілездігін көргенде мен ғаламат таңғалушы ем...», – деп тәнті болады.

Рас. Еске түсіре бастасаңыз сыр көп. Комедия саласында да Сәбең қырғын шеберлік толғайтын. Өзбек драматургі С.Ахмадтың «Келіндер көтерілісі», «Күйеу» атты комедияларында рахаттана ойнаған Сәбира апамыз өзгеше «стиль» танытты. Өлгі «Күйеу» атты қойылымда денесімен дене болғандай, тырсылдата киген киімінде, оны аз десеңіз, сахнаға велосипед мініп шықсын, қолында жел үрлейтін насосы... мұнда күлмесең, қайда күлерсің! Қыран-топан, залдың «шегі» түйіліп қалды.

Ілгеріректегі сөз еткен «Дон Жуанның думанында» бас кейіпкермен (А.Әшімов) қылыштаса жөнелген Майқанқызын көріп ол жолы да күлкіден орнымыздан тұра алмай қалғанбыз.

Марқұм анамыз шабыттың, нағыз зауықтың, ойын-сауықтың адамы еді. Шынайылығы өмірдің өзіндей еді-ау! Әйтпесе, спорт киімі, қылыш, велосипед жабдықтары Сәбира апамның табиғи болмысынан аса үйлесім таба кетуі екі талай нәрсе ғой, өзі. Абзал актрисаның өнерін ұстап тұрған және не істесе де оны көңілден шығарып тұрған қасиеті – тек оның сол шыншылдығы, қасақана көлгірсімеуі.

Сосын бір «жорта» келіп, сүйкімді мақтанатыны бар еді.

«Ішпен ойнаймыз ғой, біз кейбіреулер сияқты көзбен ойнамаймыз», деп көтеріліп-көтеріліп барып, артынша қызуы кеміген сүттің көбігіндей қайтадан сабасына түсетін, марқұм.

Сын, ескертпеге көмбістігі кемшін еді. Есімде қалғаны, А.Жағанованың «Жан алқымда» атты пьесасының талқылауында кәдімгі қазақы кемпірден гөрі өзгешерек, өркениетке жақындау егде адамның іс-әрекетіне байланысты, әлі де болса баяғы таяқ ұстаған әжелердің аясынан шыға алмай жатқандығын айта бастағаным сол еді, Сәбира апамның түсі бұзыла берді. Сөйлеп тұрып байқағаным, ұрсып тастаудан да кет әрі емес. Жұқалап-ақ бітірдім. Соның өзінде жақпай қалдым. Екеуара екі-үш диалог «отставкаға» кетті. Жым-жылас боп мен жүрмін. Бір күні үлкен жүрек шыдамады ғой білем: «Әй, Әшір мінші, (сыншы дегені) неге жазбайсың әлгі айтқандарыңды газетіңнің біріне. Сәбира Майқанқызы великий артист, ел біледі», – деп салсын. Мәссаған! Шыдау мүмкін емес, сәби қабағын түйіп, өз-өзінен қыстығып тұрған кісіге төзу қайда? Бас салып мейірімді ананың мойнынан қалай құшақтай алғанымды білмеймін. Ана құшағы неткен ғажап еді! Қосыла күліп жатырмыз. Сөйтіп, өзім жақсы көрген бүкіл қазақ сахнасының алып анасымен осылайша «татуластық». «Жақсының көңілі шәйі орамал кепкенше» деген осы болса керек.

Үлкен жүректі актриса өмірінің соңғы жылдарында жайсыз жабысқан сырқатымен алысып, көп күндерін төсекке таңылумен өткізді. Сонау отыз екінші жылдан өзі алпыс жыл әлетінде өнер толғаған қара шаңырағынан қол үзіп қалған ұлы әріптестерін, сахналас аға-інілерін, құрбы-сіңлілерін бір сәт те ұмытпағаны еске түседі.

94-тің қыс айларында сексен жылдығын өткізуге денсаулығы жарамаған ұлы актрисаға Бикендейін өнерлі сіңлісі баспасөз бетінде естелікке толы жүрек тебіренерлік хат жариялады. Сахна саңлақтары Қ.Бадыров, Ф.Шәріпова, жазушы-драматург Б.Мұқаи Сәкеңе деген іңкәр көңілдеріндегі жылы сөздерін титтей де аяп қалмады. Дімкәстанып қалған кісіге күш-қайрат берер шын мәніндегі қымбат сезім, жақсы сөздер еді. Амал қайсы? Дендеп алған қатерлі дерт оның ұлы құлаққа, үлкен жүрекке жетуіне мүмкіндік берді ме? Бермеді ме? Ол жағы беймәлім. Бірақ, талантты қызының таза табиғатын елі, жұрты білді. Көп ұзамай өзінің сексен жылдығына да (үйреншікті сахнасына) өзіне біткен

ер қимылымен ойқастап шыға алмаған қалпы қазақ өнерінің асыл перзенті, ұлан-ғайыр кара орман халқымен мәңгілікке қош айтысқалы да көп жылдың жүзі өтті.

Иә, Сәбира өнегесі – таусылмас аңыз. Сәбира апамыздың сүйікті перзенттері Розасы, Тимуры, Арыны қайтыс болғанда, басына түскен зор қайғыға хас батырларша қарсы тұрып, қайыспай, майыспай төтеп берген еді. Тағдырмен тайталасқа түскендей, қолына іліккен рөлдерді құлпырта түскен. Өзіндік қайталанбас тұлғасымен ерекшеленген. Бұл күндері соңында қалған тұяғы Гүлдар қыз ғана тынымсыз. Шешесінен алған мол ғибраттарын насихаттауға барын салуда. Соның нәтижесінде, таяуда ғана Алматы, Астана ұлттық кітапханаларында ғылыми-шығармашылық конференциялар ұйымдастырылды. М.Әуезов театр ұжымы биылғы жылғы өздерінің «Театр көктемі» атты дәстүрлі фестивалін ұлы актрисаның есімімен байланыстырмақ.

Осы мақаланың иесі «Сәбира Майқанова» атты кітабын баспадан шығарып, оқырман қауымға ұсынғалы да бірқыдыру уақыты өтті. Сахна саңлағының өмірден өткеніне 19 жылдың жүзі болды. Әйткенмен, осы кісіні еске алу жөніндегі іс-шаралар өткізу жайында мемлекет тарапынан жасалынар әрекет әзірге баяу. Кей кездері өмірден өткені кеше ғана болса да, топырағы кеппей жатқан қайсыбір жандарға тиесілі құрмет жасалып жатыр емес пе? Ал біздің Сәбира апамыз да қазақтан шыққан тым сирек тұлғалардың бірі емес пе еді?

Сәбира Майқанова есімін естігенде, жас ұрпақ үшін халқының тағдырын, тауқыметін бір адамдай арқалаған, күйзелісі мен күйінішін өз басынан өткерген, сезіну, түйсіну арқылы соны адамзат санасына, жетесіне, жан дүниесіне рухани болмысымен, артистік жолының өзіндік машақатымен жеткізе білген киелі өнер деп аталатын кара шаңырақтың қайратты қызы екенін танып-білуіміз керек. Сондықтан да, Сәбира Майқанованың биылғы 100 жылдық мерейтойы дүркіреп өтуі тиіс. Осыған орай, республика, облыс, аудан, қала көлемінде, мектеп оқушылары мен студенттер арасында Сәбира салып кеткен көркемсөз дәстүрлерінен байқау өткізуге болады. Олай дейтініміз, Сәбира апамыз ойнаған әрбір рөлде ұрпақ санасына жететіндей қазақтың небір нәрлі, нақышты сөздері жатыр. Осы ұлағатты мақамдарды жас ұрпақ сахна төрінде әспеттеп жатса, ұлт руханиятына, тілімізге деген құрметтің бір көрінісі болар еді. Республикамыздағы мәдениет ғимараттарының біріне ұлы өнер иесінің есімін беріп жатсақ, ұлт пен ұрпақтың сергектігі болары сөзсіз.

Алып актрисаның өнердегі жүріп өткен өнегелі өмірінен сыр шертіп, оны өскелең ұрпаққа танытуда Сәбира Майқановамен бірге жүрген, көзін көрген әріптестері, достары, сахна саңлақтарының жазған естелік толғаулары ерекше қымбат. Өйткені, сол кісілердің көрген білгендері арқылы жас ұрпақ Майқанова әлемімен тікелей танысады. Шынайы да шыншыл шебердің қандай болғанын ұғынады. Сонымен ғана шектеліп қалмай, Сәбира арқылы, ол сомдаған образдарды білу арқылы, елінің елеулісі, халқының қалаулысы болған тарихта аты аңызға айналған ұлы Аналар кейіптерімен таныса алады. Сөзімізді белгілі ақын Сейфолла Оспанның Сәбира Майқановаға арналған өлең жолдарымен аяқтасақ:

Алып Ана, асыл Ана, дүр Ана,
Кім екенін, халқым, менен сұрама.
Жасап өткен небір Ана бейнесін,
Жанды осылай демеуге әсте бола ма,
Болса өзі сахналық ғұлама!!!

Әшірбек СЫҒАЙ
профессор